

Ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдалану үшін төлем алу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің 1998 жылғы 6 қарашадағы № 610 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы әділет басқармасында 1998 жылғы 9 қарашада № 110 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің 2007 жылғы 29 маусымдағы № 9 шешімімен

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 73, 77 баптары және "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10, 29, 30 баптары негізінде ШЕШІМ қабылдаймын:

1. Ғылыми, мәдени-ағарту, оқу, туристік және рекреациялық мақсаттарда ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны сондай-ақ осы аумақтарда болған кезде автокөлік құралдарының ыластайтын заттарды атмосфераға тастағаны үшін төлем мөлшерлері белгіленсін (№ 1 қосымша).

2. Шығыс Қазақстан орман, балық, аң шаруашылығы басқармасы (Қалмақов А.Г.) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар аймақтарының атауларын облыстық қоршаған ортаны қорғау қорына берсін.

3. Арнайы автокөлік құралдары (жедел көмек, өрт көлігі, табиғат қорғау мекемелерінің көліктері) төлем төлеуден босатылсын.

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланудан түсетін қаражаттар толық көлемінде облыстық қоршаған ортаны қорғау қорына түсіріледі деп белгіленсін.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс Әкімінің орынбасары Ю.П. Швайченкоға жүктелсін.

*Шығыс Қазақстан облысының
Әкімі*

Облыс Әкімінің 1998 жылғы
6 қараша № 610 шешіміне
№ 1 қосымша

Ерекше қорғалатын аумақта болған кезде алынатын төлемдер мөлшері

Атауы	Төлемдер мөлшері (теңге)	
	Қазақстан Республикасы	Басқа мемлекеттер
Жеке адамдар		
Ересектер	100	200
Балалар	50	100
Жеңіл автомобильдер		

5 орынға дейін	300	500
10 орыннан артық	800	1200
Жүк автомобильдері	650	800

ЕСКЕРТУ: Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тұрғындары, ҰОС қатысушылар және оларға теңестірілгендер, барлық топтағы мүгедектер, мектеп жасына дейінгі балалар төлем төлеуден босатылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК